

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі



2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша
Пресс – релиз № 218

Қазақстан Республикасының банк секторы 2-
бетте

Қазақстан Республикасының сақтандыру
нарығы 6-бетте

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 8-бетте


Бағалы қағаздар нарығы 10-бетте

Банк операцияларының жекелеген түрлерін
жүзеге асыратын ұйымдары 12-бетте


Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың
мүдделерін қорғау 13-бетте

* - Меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді


Сақтандыру секторы



Банк секторы



ЖЗҚ номиналды кірістердің зейнетақы
активтері және коэффициентінің арақатынасы



2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері

Атауы	(млрд. теңге)			
	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қорлары	Сақтандыру секторы	Ипотекалық ұйымдар
Жиынтық активтер	11 962,3	86,2	329,5	121,2
Жиынтық міндеттемелер	12 476,8	11,2	139,7	87,7
Меншікті капитал	-514,5	75,0	189,8	33,5



БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректері бойынша)**2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 39 екінші деңгейдегі банктерге ұсынылған**

1 шілдедегі жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері 2010 жылы 164,0 млрд.теңгеге немесе 1,4% төмендеп 11 962,3 млрд.теңге болды.

Банк секторының жиынтық есептік меншікті капитал 1 шілдедегі (- 305,8) млрд. теңге болды. 19.04.2010 жылғы № 54 «Альянс Банк» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша «Альянс Банк» АҚ міндеттемелерін қайта құрылымдау аяқталды. «БТА Банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ есептемегенде 1 450,7 млрд. теңге.

Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтерінің 39,4% немесе 4 709,3 млрд. теңге болды.


Банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) 1 шілдедегі жағдай бойынша бір жылда 212,3 млрд.теңгеге немесе 2,3% өсіп 9 124,4 млрд.теңге болды. Бұл ретте ҚР резидент еместерінің заемдары ағымдағы жылдың 1 шілдеде несиелік портфелінің 1 504,7 млрд.теңге немесе 16,5% болды (1.01.2010ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд.теңге немесе 18,1%). 1 шілдедегі жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфелінің 54,4% немесе 4 965,6 млрд. теңге болды.

Активтер, міндеттемелер және есептік меншікті капитал**Банктердің несиелік портфелі****1.07.2010ж. екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдары бойынша ақпарат**

№	Банктің атауы	Несіелік портфелі	млрд. теңге		Несіелік портфеліндегі ҚР резидент еместерінің заемдар үлесі %
			ҚР резидент еместердің заемдары	Банк жүйесі бойынша ҚР резидент еместерінің жиынтық заемдарындағы банктің ҚР	
1	"ҚАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2343,2	271,9	18,1	11,6
2	"БТА Банк" АҚ	1 961,1	1 074,2	71,4	54,8
3	«Қазақстанның халық банкі» АҚ	1 204,3	77,8	5,2	6,5
4	"АТФБанк" АҚ	820,8	13,8	0,9	1,7
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	701,4	24,7	1,6	3,5
6	"Альянс Банк" АҚ	499,8	7,6	0,5	1,5
7	"KASPI BANK" АҚ	257,7	0,0	0,0	0,0
8	"ТЕМІРБАНК" АҚ - "БТА БАНК" ЕҰ АҚ	252,0	2,1	0,1	0,8
9	"Нұрбанк" АҚ	233,9	9,7	0,6	4,2
10	"Евразиялық банк" АҚ	193,7	17,7	1,2	9,2
11	"Ресей жинақ банкі" ЕБ АҚ	124,8	0,0	0,0	0,0
12	"Цеснабанк" АҚ	110,7	2,2	0,1	2,0

13	"HSBC БАНК КАЗАХСТАН" ЕБ АҚ	65,2	0,5	0,0	0,7
14	"ЭКСИМБАНК КАЗАХСТАН" АҚ	60,5	0,0	0,0	0,0
15	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	57,1	0,0	0,0	0,0
16	"Казинвестбанк" АҚ	52,7	0,0	0,0	0,1
17	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	49,5	0,1	0,0	0,3
18	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	34,6	0,7	0,0	1,9
19	"Delta Bank" АҚ	25,7	0,0	0,0	0,0
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕБ АҚ	20,5	0,5	0,0	2,6
21	"Банк "Астана-финанс" АҚ	11,2	0,0	0,0	0,0
22	"Хоум Кредит Банк" АҚ	7,6	0,0	0,0	0,6
23	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	5,1	0,0	0,0	0,0
24	"КЗИ БАНК" ЕҰ» АҚ	4,2	0,6	0,0	13,5
25	"Заман-Банк" АҚ	3,9	0,0	0,0	0,0
26	"Банк Kassa Nova" АҚ	3,2	0,0	0,0	0,0
27	"Банк Позитив Казахстан" АҚ	3,1	0,1	0,0	1,9
28	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	3,0	0,0	0,0	0,0
29	"Сенім-Банк" АҚ	2,8	0,0	0,0	0,0
30	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕҰ АҚ	2,3	0,0	0,0	0,0
31	"Мастербанк" АҚ	1,9	0,1	0,0	4,2
32	"Казинкомбанк" АҚ	1,6	0,0	0,0	0,0
33	«Қазақстандағы "Пәкістанның ҰБ" ЕҰ АҚ	1,6	0,1	0,0	5,6
34	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНК" АҚ	1,3	0,0	0,0	0,4
35	Банк ВТБ (Қазақстан) ЕҰ АҚ	1,0	0,0	0,0	0,0
36	"Данабанк" АҚ	0,8	0,0	0,0	0,0
37	" Алматы қ ТПБ Қытай" АҚ	0,3	0,3	0,0	100,0
38	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	0,0	0,0	0,0	46,2
39	"Ислам Банкі "Al Hilal" АҚ	0,0	0,0	0,0	-
	Барлығы	9 124,4	1 504,7	100,0	16,5

1 шілдедегі жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымында стандарты кредиттердің үлесі 26,6%, күмәнді – 45,0%, үмітсіздер – 27,7% (міндеттемелерді¹ қайта құрылымдау туралы шешімі қабылданған банктерді ескерісіз үмітсіз кредиттердің үлесі – 10,1%) болды. 5 санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдарға жататын кредиттер сомасы (біркелкі кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)² жиынтық несие портфелінің 3 142,9 млрд. теңге немесе 34,4% болды. (міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешімі қабылданатын банктерді ескермегенде, осы көрсеткіш жиынтық несие портфелінің 1 182,3 млрд.теңге немесе 18,4% болды).



Ағымдағы жылдың 1 шілдедегі төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі ұзартылған берешегі бар заемдар 2 304,1 млрд.теңге немесе банктердің несиелік портфелінің 25,3% болды (міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешімі қабылданатын банктерді ескермегенде, осы көрсеткіш жиынтық несиелік портфелінің 1 071,5 млрд.теңге немесе 16,7% болды).

1 шілдедегі жағдай бойынша заемдар бойынша провизиялар (резервтер) көлемі 2009 жылы 3 224,4 млрд. теңге немесе кредиттік портфелінің 35,3% болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша экономика саласының бөлігіндегі (жеке тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді есептемегенде) заемдар 2010 жылғы маусымда 210,4 млрд. теңгеге немесе 3,0% азайып, 6 984,3 млрд. теңге болды.

Сонымен бірге, экономикада заемдар құрылымында салалар бойынша үлесі: құрылыста – 26,2%; сауда-сатықта – 26,1%; өндірістік емес салада – 24,0%; өнеркәсіпте – 15,2%; ауыл шаруашылықта – 4,3%; көлікте – 2,7%; жеке қызметте – 0,8%; байланыста – 0,7% болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері 12 535,6 млрд. теңге болды. Оның ішінде ҚР резидент еместері алдында міндеттемелері 2010 жылғы маусымда 259,2 млрд. теңгеге немесе 7,1% төмендеп 3 383,6 млрд. теңге болды. ҚР резиденті еместері алдындағы міндеттемелердің үлесі ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 27,1% (жыл басында осы көрсеткіш 33,6% болды).

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 48,3% немесе 6 025,1 млрд. теңге болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалардың (банктерді қоспағанда) депозиттерінің жалпы сомасы жыл басынан бастап 164,8 млрд. теңгеге немесе 2,2% өсіп 7 538,5 млрд. теңге болды. Заңды тұлғалардың (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының сомасын қоспағанда) салымдарының сомасы бір жылда 4 667,3 млрд.теңге (салымдардың жалпы сомасының 61,9%) болды. Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдары 2010 жылғы маусымда 13,0 млрд. теңгеге немесе 1,6% өсіп, 830,1 млрд. теңге


2010 жылғы 1 шілдедегі заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдардың құрылымы

Атауы	Барлығы	млрд. теңге		
		Несие портфеліндегі үлесі, %	Арнайы провизиялар	Заемдардан түскен үлесі, %
Заңды тұлғаларға берілген заемдар	5 931,7	65,0	2 338,9	39,4
Жеке тұлғалар банк заемдары, оның ішінде	1 795,5	19,7	414,7	23,1
Тұтынушы мақсаттарға	772,3	8,5	197,6	25,6
Құрылысқа және тұрғын үйді сатып алуға (ипотекалық тұрғын үй заемдарын қоспағанда)	840,0	9,2	22,0	2,6
ипотекалық тұрғын үй заемдары	745,2	8,2	144,1	19,3
автокөлікті сатып алуға	48,4	0,5	11,3	23,4
басқа банк заемдарын	134,7	1,5	39,6	29,4
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банк заемдары	1 256,3	13,8	424,3	33,8
Несие портфелі	9 124,4	100	3 224,4	35,3

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өтелгенге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша ЕДБ, ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер

Атауы	млрд. теңге
талап ету бойынша	175,9
1 айға дейін	619,7
1 айдан бастап 3 айға дейін	62,6
3 айдан бастап 6 айға дейін	73,1
6 айдан бастап 1 жылға дейін	195,1
1 жылдан бастап 2 жылға дейін	400,1
2 жастан бастап 3 жасқа дейін	273,9
3 жастан бастап 5 жасқа дейін	486,3
5 жастан астам	1 072,3
Қаржылық емес міндеттемелер	24,7
ҚР резидент емес алдындағы міндеттемелер	3 383,6

ЕДБ салымдары



болды. Жеке тұлғалардың салымдарының сомасы

2010 жылғы маусымда 49,5 млрд. теңгеге өсіп 2 041,2 млрд. теңге (салымдарының жалпы сомасының 27,1%) болды. 1 шілдедегі жағдай бойынша шетел валютада номинирленген клиенттердің салымдары клиенттердің жиынтық салымдарының (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының есептемегенде) 41,3% немесе 2 768,4 млрд. теңге болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне жоғары өтімді активтерінің үлесі 23,3% болды.

Екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 1 шілдеде 2 071,7 млрд.теңге болды. Шығыстар сомасы – 1 803,9 млрд. теңге (есепті күнге 8,0 млрд. теңге құраған табыс салығын есептемегенде). Банктердің шығыны 1 шілдеде - 267,8 млрд. теңге болды.

Маусымда банк заңнамасын бұзғаны үшін банктерге 2 жазбаша ұйғарым, 6 жазбаша-міндеттеме, 6 жазбаша Келісім жасалды.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сот шешімімен 2 банк мәжбүрлеп тарату барысында ("Валют-Транзит Банк" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ).

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ* (алдын ала деректері бойынша)

2010 жылғы 1 шілдеде Агенттік берген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 41 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді, сонымен өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын лицензиясы 7 ұйымда бар, АҚЖ көлік құралдары иелерінің міндетті сақтандыру бойынша – 28 ұйымда бар. Сондай-ақ сақтандыру қызмет көрсету нарығында 13 сақтандыру брокерлер және 63 актуарийлер өз қызметін жүзеге асырады.

2010 жылғы 6 ай кезеңде сақтандыру ұйымының жиынтық активтері 10,8% өсіп 1 шілдеде 329,5 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 5,2% өсті және 189,8 млрд. теңге болды. Сақтандыру резервтер сомасы 120,1 млрд. теңге болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарты бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақының көлемі 2009 жылғы ұқсас көрсеткіштерден 33,8% көп екенін көрсетті. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақының көлемі 15,8 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 21,5% өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 16,4 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 56,2% өсуі), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 60,9 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 31,4% өсуі) болды.



«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 шілдеде 7,6 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 100,0% өсуі), ал жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі (2009 жылғы 1 маусымда 6,8% болды) 10,1% болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 40,0 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 53,4% болды, бұл ретте ҚР резидент еместеріне сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 49,1% қайта сақтандыруға берілді (2009ж. 1 шілдеге ҚР резидент еместеріне қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 57,9%).

2010 жылғы 6 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 11,7 млрд.теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 13,3% төмен. Оның ішінде сақтандыру төлемдерінің міндетті сақтандыру бойынша 4,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда, 9,8% өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 5,7 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 50,0% өсуі) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 1,6 млрд. теңге (71,4% төмендеуі) болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 31 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Майда сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнама бұзушылығын болдырмау мақсатында Агенттік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына 9 жазбаша ұйғарым, 10 хат-міндеттемелер жіберілді.



2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 5 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ("Валют-Транзит Полис" СК" АҚ, "Валют-Транзит Life" КСЖ" АҚ және «Алтын Полис» СК» АҚ, «НАСКО-Қазақстан» МСК» және «Premier Сақтандыру» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында, 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату барысында («Темір Ат» СК» АҚ).

Алматы қаласының Мамандандырылған аудан аралық экономикалық соты 15.02.2010ж. «Premier Страхование» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешімі қабылданды, ол 20.05.2010 жылы заңды күшіне енгізілді.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ (алдын ала деректері бойынша)

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 13 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді, олардың республика аймақтарында 75 филиалдары және 49 өкілдіктері бар.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, оның ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялары бар. Маусымда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялар жинақтаушы зейнетақы қорларға берілген жоқ.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны 2 014,5 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттар сомасымен 7 823 959 болды. Маусымда міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 14 332 өсті, жинақталған зейнетақы қаражаттар 18,9 млрд. теңгеге (0,9%) өсті.

2010 жылғы 1 шілдедегі бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгеммен 40 229 болды. Маусымда ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 152 бірлікке төмендеді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны маусымда 9 бірлікке азайып, 2010 жылғы 1 шілдеде жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 91,6 млн. теңгеммен 4 063 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы маусымда 18,9 млрд. теңге (0,9%) өсіп, 2010 жылғы 1 шілдеде 2 020,0 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі маусымда 3,6 млрд. теңгеге (0,2%) өсіп, 2010 жылғы 1 шілдеде 1 628,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) маусымда 7,4 млрд. теңгеге (1,4%) өсіп, 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 503,4 млрд. теңге болды.

Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі желтоқсанда 0,6 пайыздық тармаққа төмендеп 2010 жылғы 1 шілдеде 24,9% болды.

Зейнетақы төлемдері мен жинақтаушы зейнетақы қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 160,0 млрд. теңге болды.

Маусымда қорлар алушыларға зейнетақы төлемдерін жалпы сомасы 3,1 млрд. теңгеммен (2,0%) жүзеге асырды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару маусымда 15,3 млрд. теңгеге (1,7%) өсіп 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 899,0 млрд. теңге болды.


2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылғы кезеңде (2005 жылғы маусым – 2010 жылғы маусым) 44,95% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 62,34%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 42,80%;

- 3 жылғы кезеңде (2007 жылғы маусым – 2010 жылғы маусым) - 17,96% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 37,90%);

- 12 айға (2009 жылғы маусым – 2010 жылғы маусым)- 5,47% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 6,8%).

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы



2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 10 жазбаша ұйғарымдар жіберілді, 2 хат-міндеттемелер сұратылды және 3 жазбаша келісім жасалды.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша соттың шешімімен 1 жинақтаушы зейнетақы қоры («Валют – Транзит Қоры» ЖЗ» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және жинақтаушы зейнетақы қорын¹ басқаруды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Агенттік енгізген уақытша басқару тәртібі жұмыс істейді.

2010 жылғы 25 маусымда өткен Агенттік Басқармасының отырысында жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу мәселелері бойынша мынадай қаулы қабылданды:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 331 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

¹ В соответствии с постановление Правления Агентства №70 от 19.05.2010 года «О лишении лицензии на занятие деятельностью по привлечению пенсионных взносов и осуществлению пенсионных выплат, выданной АО «НПФ «Қорғау», АО «НПФ «Қорғау» лишено лицензии на занятие деятельностью по привлечению пенсионных взносов и осуществлению пенсионных выплат серии №0000017 от 26.12.2003 года. Приказом Председателя Агентства №124 от 19.05.2010 года назначена временная администрация АО «НПФ «Қорғау».

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

2010 жылғы 1 шілдеде корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымдары бар акционерлік қоғамдар саны қоғамның 2 177 болды. Сондай-ақ нарықта 81 брокер-дилерлер, 11 тіркеушілер, 11 банк-кастодиандар, 16 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдары (ЗАИБЖАҰ), 49 инвестициялық портфельді және 3 трансфер-агенттерді басқарушылар жұмыс істейді.

2010 жылғы екінші тоқсанда 183 акциялар шығарылымы (акция шығарылымдарын ескере отырып, олардың проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркелім туралы кәулігі ауыстырылған) тіркелді.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың екінші тоқсанында жалпы номиналды құны 309,9 млрд.теңге болатын 3 дербес облигациялар шығарылымдары, 23,5 млрд. теңге болатын 2 облигациялық бағдарламалар тіркелді, сондай-ақ 8 млрд.теңге сомасында облигациялар бағдарламасының шеңберінде 2 облигациялар шығарылымы тіркелді. 2010 жылғы 1

шілдедегі жағдай бойынша қолданыстағы облигациялар бағдарламасының саны жалпы номиналды құны 3 670,8 млрд.теңгемен 67 шығарылымдары болды.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша айналыста мемлекеттік емес облигациялардың қолданыстағы шығарылымдар саны 386 болды, олардың номиналды құны 5 488,8 млрд. теңге болды.

Бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы инвестициялық пай қорларының саны 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 171 (131 – жабық, 15 - ашық және 25 аралық) болды. Сондай-ақ есепті күнге 35 акционерлік инвестициялық қорлары жұмыс істеуде.

KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының шығарылымдар саны 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 276 шығарылымдар, «Акциялар» секторы бойынша – 97 шығарылымдар және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым болды.

Бұдан басқа 2010 жылғы екінші тоқсанда облигациялар бойынша мынадай компаниялар дефолт жіберген:

1) «Азия-Электрик» АҚ және «Экотон +» АҚ; KZ2C0Y03C411, KZ2C0405C218 ұлттық бірегейлендірілген нөмерлер берілген облигациялар бойынша дефолт жіберген;


2) «VITA» АҚ KZ2CKY05B539, KZ2CKY07B964 ұлттық бірегейлендірілген нөмерлер берілген облигациялар бойынша дефолт жіберген.

3) «Альтернативные финансы» АҚ және «Қазақстан Қағазы» АҚ KZPC1Y05C145, KZ2CKY05B448, KZPC2Y07C024, KZ2C0Y05D117 ұлттық бірегейлендірілген нөмерлер берілген облигациялар бойынша дефолт жіберген.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 1 жазбаша ұйғарымдар жіберілді, 2 хат-міндеттемелер сұратылды және 1 жазбаша келісім жасалды.

2010 жылғы 25 маусымда өткен Агенттік Басқармасының отырысында жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу мәселелері бойынша мынадай бір қатар қаулылар қабылданды:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің бағалы қағаздар нарығының мәселері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша»;



- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберуге рұқсат берілетін (рұқсат берілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізіміндегі жекелеген санаттарға қойылатын талаптар туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін;

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 27 тамыздағы № 317 қаулысына өзгеріс енгізілсін;

БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 6 ипотекалық ұйымы және 9 банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдары тіркелген


Ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтер сомасы ағымдағы жылдың басынан бастап - 40,9 млрд. теңге немесе 51,0% төмендеп 121,2 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 шілдедегі деректермен салыстырғанда жиынтық міндеттемелері 26,1 млрд. теңге немесе 42,3% өсіп және 87,7 млрд. теңге болды. Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 33,5 млрд. теңге болды.


Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 82,0 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 шілдедегі көрсеткіштен 20,0% (13,6 млрд. теңге) төмен.

Ипотекалық ұйымының кредиттік портфелінің құрылымында 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша стандарты кредиттер үлесі 86,1% болды, күмәнді – 6,1%, үмітсіз - 7,8%. (2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша стандарты кредиттердің үлесі 64,0%, күмәнді – 30,7%, үмітсіз – 5,3% болды).

Негізгі көрсеткіштер



Несие портфелі



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2010 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) жеке және заіды тұлғалардан **352** өтініш келіп түсті, оның ішінде: **281** жазбаша өтініштер және Агенттіктің атына келіп түскен 22 өтініштер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің электронды порталының блог-платформасына (бұдан әрі – блог-палтформа) Агенттік Төрайымының атына келіп түскен **49** өтініштер, оның ішінде:

– **197** өтініштер – екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) қатысты (жалпы санының 55,96%), 208 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 115 өтініштерді қосқанда) – 5 негізделген (қаралған жалпы санының 2,40%);

– **9** өтініштер – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 2,56%), 4 қаралған өтініштердің өткен кезеңдерде келіп түскен 4 өтініштерді қосқанда – 0 негізделген;

– **28** өтініштер – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтеріне және қатысты (жалпы санының 7,96%), және 27 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 22 өтініштерді қосқанда) - 4 негізделген (қаралған жалпы санының 14,81%);

– **5** өтініштер – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметтеріне қатысты (жалпы санының 1,42%), 6 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 6 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– **28** өтініштер – жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметіне қатысты (бұдан әрі - ЖЗҚ) (жалпы санының 7,96%), 27 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 13 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– **62** (оның ішінде қаржы ұйымдары) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнама нормаларын түсіндіруді ұсыну туралы өтінішпен ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен сұратулар (жалпы санының 17,61%);

– **23** Агенттіктің құзыретіне кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 6,53%).

Екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштері және олардың 2010 жылғы маусымда келіп түскен өтініштердің жалпы көлемінің үлес салмағы туралы мәліметтер төменде көрсетілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар) (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қарауға аяқталды	Есепті кезеңнің аяғында қарау үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторында келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Саны**	
<i>Екінші деңгейдегі банктер</i>					
1	«Казкоммерцбанк» АҚ	41	20.81	21	20

2	«Альянс Банк» АҚ	25	12.69	16	9
3	«Қазақстан халық банкі» АҚ	24	12.18	7	17
4	«Банк ЦентрКредит» АҚ	22	11.17	7	15
5	«БТА Банк» ЕҰ АҚ- «Темірбанк» АҚ	20	10.15	13	7
6	«БТА Банк» АҚ	16	8.12	4	12
7	«АТФ Банк» АҚ	15	7.61	9	6
8	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	10	5.08	4	6
9	«Цеснабанк» АҚ	7	3.56	6	1
10	«Kaspi Bank» АҚ	7	3.56	2	5
11	«Еуразиялық банкі» АҚ	5	2.55	3	2
12	«Ресей жинақ банкі» АҚ	3	1.52	1	2
13	«RBS (Kazakhstan)» АҚ	1	0.50	0	1
14	«Нұрбанк» АҚ	1	0.50	0	1
	Жиынтығы:	197	100 55.96*	93	104
Банк операцияларының жекелеген ұйымдарын жүзеге асыратын ұйымдары					
1	«БТА Банк» «БТА Ипотека» ЕИҰ АҚ» АҚ	6	66.66(6)	0	6
2	«Казпочта» АҚ	2	22.22(2)	0	2
3	«Астана-Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ	1	11.11(1)	0	1
	Жиынтығы:	9	100 2.56*	0	9
Сақтандыру нарығы					
1	«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ	7	25.00	0	7
2	«Атланта Полис» СК» АҚ	4	14.31	1	3
3	«Астана-Финанс» сақтандыру компаниясы» АҚ	2	7.14	0	2
4	«Premier Страхование» СК» АҚ	2	7.14	1	1
5	"ТрансОйл" СК» АҚ	2	7.14	0	2
6	"Коммеск-Өмір" СК» АҚ	2	7.14	1	1
7	«Халық - Қазахинстрах» Қазақстан Халық банкі еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ	2	7.14	0	2
8	«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	1	3.57	1	0
9	"ЭкоПолис" СК» АҚ	1	3.57	0	1
10	«Казкоммерц-Полис» СК» АҚ	1	3.57	0	1
11	"Еуразия" СК» АҚ	1	3.57	1	0
12	«Альянс Полис» СК» АҚ	1	3.57	0	1
13	"АСКО" СК» АҚ	1	3.57	0	1
14	«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ	1	3.57	0	1
	Жиынтығы:	28	100 7.96*	5	23
Бағалы қағаздар нарығы					
1	«Қор орталығы» АҚ	2	40.00	1	1
2	«Алматы Құс» АҚ	1	20.00	0	1
3	«Металлинвест» ИЗҚ	1	20.00	0	1
4	«Казкоммерцбанк» АҚ	1	20.00	0	1
	Жиынтығы:	5	100	1	4

			1.42*		
<i>Жинақтаушы зейнетақы қоры</i>					
1	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	9	32.14	6	3
2	"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН" жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	4	14.29	2	2
3	«Қазақстан халық банкі» АҚ	4	14.29	0	4
4	"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	4	14.29	3	1
5	«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	3	10.71	1	2
6	«ГРАНТУМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	3	10.71	1	2
7	«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	1	3.57	1	0
	Жиынтығы:	28	100	14	14
			7.96*		
	ЖИЫНТЫҒЫ:	267	75.86*	113	154

*- жалпы келіп түскен өтініштер санының сектордың үлес салмағы

** - өтініштердің барлығы негізделген болып табылмайды

Банк секторы

2010 жылғы маусымда Агенттікке банк қызметінің мәселесі бойынша 197 өтініштер келіп түсті.

Халықтар үшін мына мәселелер көкейкесті болып табылады:

Заемдарды қайта құрылымдау, оның ішінде заемдарды өтеу бойынша мерзімін кейінгіге қалдыру, азайту жағына ипотекалық заемдар бойынша сыйақы ставкаларын және заемдар бойынша өсімпұлды азайту және болдырмауды қайта қарау;

заемдарды қаржыландыру;

кепіл мүлігін соттан тыс іске асыру;

өсімпұл есептелген заемдар бойынша ай сайынғы төлемді есептеу дұрыстығын тексеру;

төлем карталары арқылы төлемдер мен аударымдар.

Жоғарыда көрсетілген барлық және өзге жеке және заңды тұлғалардың сұратулары бойынша тиісті түсініктемелер берілді.

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың шағымдарымен өтініштерінің нәтижелері бойынша Агенттік өз қызметінде мынадай бұзушылықтарды белгіледі:

«Альянс Банк» АҚ

- мүлікті соттан тыс іске асыруды жүргізуіне байланысты ұстап қалуларды өтеу туралы талаптар негізсіз қойылды (почталық, нотариалды және өзге қызметтер) кепіл мүлігін босатудан бас тартты және құқық белгілейтін құжаттарды қайтарудан бас тартылды, осыған байланыста Банктің атына заемшымен жағдайларды реттеуге бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі туралы хат жіберілді;

- жасалмаған банк заем шарты бойынша мерзімі өткен берешегін өтеу туралы талаптар негізсіз қойылды, осыған байланысты Банктің атына қалыптасқан жағдайды реттеуге бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі туралы хат жіберілді;

- банк заемының шартында заем бойынша сыйақы ставкасы көрсетілмеген; «Альянс Банк» АҚ қатысты заемшылармен қосымша келісімдерді жасау қажеттілігі туралы, жасалған жұмысы туралы 14.05.2007 жылғы № 10-14/1618 жазбаша ұйғарым шығарылды ұқсас бұзушылығы үшін Банк ай сайын есептерді ұсынады.

«Банк ЦентКредит» АҚ

- заем операцияларын жүзеге асырған кезде сот шешімі бойынша мемлекеттік баж төлеу бойынша Банктің шығыстарын өтеу есебінде ақшаны заемшылардың жеке шотынан ұстап қалуда көрінген банк заңнамасының нормалары бұзылды, осыған байланысты Банктің атына мемлекеттік баж есебінде ұстап қалған заемшының жеке шотындағы соманы қалпына келтіруді көрсете отырып хат жіберілді;

- кепіл мүлігін соттан тыс іске асырған кезде Банк заңнаманың талаптары бұзылды, осыған байланысты Агенттік **жазбаша ескерту** шығару түрінде шектеулі ықпал ету шаралары қолданды.

Алдыңғы есепті кезеңде жеке тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау қорытындысы бойынша:

«Қазақстан халық банкі» АҚ

- өтініш берушілердің банк шоттарына ЖЗҚ-дан келіп түсетін зейнетақы қаражаттарын есептеген кезде комиссия заңсыз өндіріп алу, осыған байланысты Банке **жазбаша ұйғарым** шығару түрінде шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

2010 жылғы маусымда банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметі мәселесі бойынша Агенттікке 9 өтініш келіп түсті.

Есепті айда келіп түсетін өтініштер мына мәселелерге қатысты:

- заемдарды қайта қаржыландыру;
- кепіл мүлігін іске асыру;
- мерзімін кейінгіге қалдыру арқылы заемдарды қайта құрылымдау.

Сақтандыру нарығы

2010 жылғы маусымда сақтандыру мәселесі бойынша Агенттікке 28 өтініштер келіп түсті.

Бұл ретте:

- міндетті сақтандыру бойынша – 17 өтініштер;
- ерікті сақтандыру бойынша – 5 өтініштер;
- сақтандыру сыныбы көрсетілмеген – 6 өтініштер.

Өтініштердің негізгі бөлігі жүзеге асырмау, сақтандыру ұйымы сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін уақтылы емес және толық көлемде жүзеге асырмау мәселелеріне қатысты.

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау қорытындысы бойынша Агенттік өз қызметінде мынадай бұзушылықтарды анықтады:

«Атланта Полис» СК» АҚ

- пайда алушының және/немесе сақтандырушының жетпейтін құжаттары туралы хабарламасының тәртібі бұзылды, салдарынан сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмады, осыған байланысты қазіргі уақытта Агенттік заңнамамен көзделген ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселесін қарайды;

- мүлікке келтірілген зиянды бағалау туралы есепті таныстыру мерзімдері бұзылды, сондай-ақ пайда алушының және/немесе сақтандырушының жетпейтін құжаттары туралы хабарламасының тәртібі бұзылды, осыған байланысты сақтандыру компаниясына **хат-міндеттемесін** сұратып алу түрінде шарасы қолданылды.

«Мұнай сақтандыру компаниясы» СК» АҚ

- зиянды бағалау туралы есепті таныстыру тәртібі бұзылды, сондай-ақ сақтандыру төлемі жүзеге асырылмады, осыған байланысты компанияға сақтандыру төлемін жүзеге асыруды және мерзімін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді ескере отырып хат жіберілді.

«Қазақмыс» СК» АҚ

- сақтандыру төлемін жүзеге асырудан негізсіз бас тарту, осыған байланысты компанияның атына сақтандыру төлемін жүзеге асыру қажеттілігі туралы **хат** жіберілді.

«Нұрбанк» ЕҰ АҚ» «Нұрполис» СК» АҚ

- сақтандыру төлемін жүзеге асырудан негізсіз бас тарту, осыған байланысты Агенттік жазбаша ұйғарым шығару түрінде **шектеулі ықпал ету шараларын қолдады;**

- сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімдері бұзылды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінде тиісті бақылау болмағандығы белгіленді, осыған байланысты Агенттік жазбаша ұйғарым шығару және жазбаша міндеттемені сұратып алу түрінде **шектеулі ықпал ету шараларын қолдады.**

«Транс-Ойл» СК» АҚ

-тікелей реттеу шеңберінде зиянды өтеу тәртібін бұзу, осыған байланысты Агенттік жазбаша міндеттеме сұратып алу түрінде **шектеулі ықпал ету шарасын қолдады.**

Бағалы қағаздар нарығы

2010 жылғы маусымда Агенттікке бағалы қағаздар нарығының мәселесі бойынша 5 өтініштер келіп түсті.

Өтініштер қолданыстағы заңнаманы түсіндіруді, дивидендтерді есептеу және төлемеу тәртібін және купондық облигациялар бойынша сыйақыны алуға қатысты.

Жинақтаушы зейнетақы қоры

2010 жылғы маусымда ЖЗҚ қызметіне қатысты Агенттікке 28 өтініштер келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралатын шағымдардың және өтініштердің маңызды бөлігі мынадай мәселелерге қатысты:

- зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартын жасамай салымшының ерік білдірусіз жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару;
- бір қордан екінші қорға аудару нәтижесінде зейнетақы қаражаттарын азаю;
- зейнетақы қаражаттардан бас тарту.

Жоғарыда көрсетілген барлық сұратулар және жеке және заңды тұлғалардың өзге сұратулар бойынша тиісті түсініктемелер берілді.